

Аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссиясы тыңдау өткізді.

Сарыағаш қаласы, Құрманғазы көшесі №16 үйдің тұрғыны Орынбаев Ержан Ширинбековичтың аудандық мәслихат хатшысының атына жазған арызы аудандық мәслихат аппаратында 09.02.2022 жылы кіріс №ЖТ-2022-01266980 санымен тіркеуге алынды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 бабына сәйкес 2022 жылы 15 ақпан күні Е.Орынбаевтың арызы бойынша аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссиясы тыңдау өткізді.

Тыңдауға аудан әкімі аппаратының заң бөлімшесінің басшысы А.Сарсенбеков, аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы М.Байгабулов, аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Н.Кукеев, ауданның қала және сәулет, қала құрылыс бөлімінің басшысы Е.Қосмұратов және Сарыағаш қаласының әкімі М.Доспулов шақырылып, арыз иесіне түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Арызданушы Е.Орынбаевқа төмендегідей жауап берілді:

ҚР Жер кодексінің 44 бабының 5-3 тармақтарына сәйкес инфрақұрылым жүргізілген жерлерден кезек бойынша жер беріледі. Жалпы аудан көлемінде жер беру мәселесі бойынша тиісті мекемелермен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Кезекте тұрғандардың тізімі ресми сайттарда жарияланған. Кезексіз жер беруге жол берілмейді. Жерлерге инфрақұрылым жүргізілгеннен кейін кезек бойынша жер берілетін болады.